

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XEUV6158>

***Е. Е. Шаймардан¹, Г. К. Исмагулова²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: yerkesh555@gmail.com

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТИДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мақалада лингвомәдениеттану арқылы адамзатты зерттеуде тұлғаның жеке мінездемесі, оның ішінде гендер саласының маңыздылығы қарастырылған. Себебі аталмыш тақырып қазіргі қазақ қоғамындағы гендерлік идеялардың эволюциясына және оның әдебиетке әсеріне назар аударатын өзекті зерттеу болып табылады. Бұл тақырып феминистік және маскулинистік гендерлік рөлдерді талдауды, ер және әйел адамға тән жыныстық ерекшеліктерді және сәйкестікті зерттеуді көрсетеді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі гендерлік аспектіні зерттеу мәдени контекстіні қалыптастыру және гендерлік әділеттілік пен әртүрліліктің маңызды мәселелері бойынша диалогты қолдау үшін маңызды. Бұл тақырып қоғамдағы өзгерістер мен гендерлік мәселелерді қабылдауды көрсететін дамуды жалғастыруда және қазіргі әдеби пікірталастың маңызды аспектісі болып қала береді. Осылайша көркем шығарма арқылы ерлер мен әйелдердің қарым-қатынасымен қатар ұлттың, мәдениеттің ерекшелігін көрсетуге болады.

Талдауға түсіп отырған Тынымбай Нұрмағамбетовтың кейіпкерлер арқылы қоғамдағы шынайы өмірді, отбасындағы дағдарысты және мәдениетті, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын, жұбайлық өмірден тыс қатынастырды көркем әдебиеттегі мәтін арқылы жеткізу болып табылды. Еркек пен әйел, бойдақ жігіт, үйленген ер адам мен тұрмыс құрмаған қыз категориясындағы кейіпкерлер тілі, кейіпкерлердің ішкі әлемі арқылы олардың тұлғалық, гендерлік және әлеуметтік рөлдерінің өзгешеліктері көрсетіледі.

Кілттік сөздер: лингвомәдениеттану, лингвомәдени тәсіл, гендер аспектілері, адюльтер, қазіргі көркем мәтін, қазақ әдебиеті.

Кіріспе

Алғашқыда гендер термині француз тілінің *genre* сөзінен шықса, кейін бұл термин орта ғасырлардағы ағылшын тілінде *gender* сөзі ретінде қолданылады. Ал, сәйкесінше, бұл латынның *genus* сөзі болып табылады. 1882 жылғы ағылшын тілінің Оксфорд этимологиялық сөздігінде *gender* анықтамасы *тек, тұқым, жыныс* мағынасында қарастырылған екен [1, 139 б.]. Гендер ұғымы, мысалы, Фаулердің қазіргі ағылшын тілінің сөздігінде [2, 108 б.] – тек тұқымның (род) грамматикалық категориясын сипаттау үшін қызмет етті. Соңғы жылдары мәдениеттану бойынша ағылшын тіліндегі ғылыми журналдан гендер ұғымына қатысты кем дегенде бір мақаланы кездестірмеу мүмкін емес [3, 225 б.]. «Гендер» ұғымына анықтама беретін болсақ, гендер – бұл ерлер мен әйелдердің әлеуметтік мінез-құлқын және олардың арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын әлеуметтік құрылым, қоғам мәдениеті анықтайтын сипаттамалар жиынтығы [4, 16 б.]. Гендер белгілі бір әлеуметтену жүйесі, еңбек бөлінісі, қоғамда қабылданған мәдени нормалар, рөлдер мен стереотиптер арқылы құрылады [5, 11 б.].

Әйелдердің әлсіз, дәрменсіз болуы, олардың қоғамға тәуелді және бағынышты екенін жеткізеді. Мұндай ұғымның жалғасын тауып келе жатқаны қыздың тәрбиесімен байланысты дейді: «Отбасында, қоғамда қыз балаға қойылатын талаптар, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі мадақталатын не сыналатын жағдайлар әсерімен бірге-бірге айырмашылық белгілері де жинақтала бастайды [6, 36 б.].

Егер қазіргі әдебиеттегі әйелдік / еркектік ұғымдар тамыр жайған болса, онда В. А. Маслованың «әлемнің гендерлік бейнесі» [7, 108 б.] терминінен біз қоршаған әлемді гендерлік (жыныс) тұрғыдан қабылдауды, оның мәдени, әлеуметтік және психологиялық идеялардың жиынтығы екенін, адамдардың жынысына қарай қоғамдағы өз рөлдері мен міндеттерін қалай көретінін және түсінетінін, сондай-ақ олардың жынысына байланысты қоғам оларға қандай үміт күткенін білдіретінін түсінеміз.

Әлемнің гендерлік бейнесі мәдени нормалар, дәстүрлер, діни нанымдар, білім беру және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасады. Ол «нағыз» ерлер мен әйелдердің қандай болуы керек, қандай қасиеттер, мінез-құлық ерекшеліктері мен қызығушылықтары әр жынысқа сәйкес келетіні туралы идеяларды қамтиды. Бұл түсініктер түрлі мәдениет мен қоғамда әр түрлі болуы мүмкін және уақыт өте келе өзгеруі де мүмкін [8, 138 б.].

Әлемнің гендерлік бейнесі билік пен үстемдік мәселелерімен де байланысты. Ол қоғамдағы адамдардың мүмкіндіктері мен үміттеріне әсер

ету арқылы гендерлік стереотиптер мен теңсіздіктерді күшейте алады. Әлемнің гендерлік бейнесін сыни тұрғыдан түсіну кемсітушілікпен, теңсіздікпен күресу және әр адам жынысына қарамастан өз таңдауы мен өзін-өзі көрсетуге құқылы қоғам құру үшін маңызды.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі гендерлік аспект ерекшеліктері тақырыбы өзекті және маңызды болып қала береді. Әдебиетте, қоғамдағыдай, гендерлік мәселелерді ұсыну мен зерттеуде өзгерістер мен даму бар. Гендерлік рөлдер туралы түсініктің кеңеюі: қазіргі қазақ әдебиеті гендерлік рөлдердің түрлі аспектілерін, соның ішінде ерлер мен әйелдердің дәстүрлі рөлдерін ғана емес, сонымен қатар гендерлік сәйкестікті, бағдарлауды және көріністі белсенді түрде зерттейді.

Отандық зерттеушілердің жұмыстарына тоқталатын болсақ, 19 ғасырдың екінші жартысында қазақ ғылыми мақалаларында Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин сынды қазақ ағартушылары салт-дәстүрдің мәдениетке әсер етуі арқылы гендерлік факторлардың туатынына талдау жасады. Ғылыми-этнографиялық еңбектерде қазақ және түркі халықтарының мәдениетін, салт-дәстүрін, отау тіккен жастардың міндеттерін, той-думан кезіндегі ырымдарды, дәстүрлер арқылы ер мен әйелдердің бейнесін орындалуын тізбектеп жазады. Сонымен қатар, осы тұста ерлердің де міндеттерін, олардың таңдау еркіндіктерін кеңінен айтады.

20-жылдардағы қазақ жазушылары әйел образын негізгі кейіпкер ретінде алып, оның тұрмыс-тіршілігін, отбасы мүшелерін бағып-қағу қамымен өмірдің тәлкегіне түскен мүсәпір, «мылқау» әйелдерді суреттейді. Қазақ әйелдерінің ауыр тағдырының көрінісі ретінде сол замандағы әйел құқықтарының шектеулеріне, қоғамдық саяси өзгерістерге байланысты, мүмкіндіктердің аздығынан де айта аламыз. Сол себепті, бұл мәселені аз да болсын қазақ ағартушылары өздерінің шығармаларында арқау етті. Білім алу, қалаған мамандықтың иесі болып, еңбек ету сенгісіз дүние болды. Мысалы, М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарында ерлердің әйелдерге деген көзқарастарының төмен екенін, әйел теңсіздігіне ұшыраған қоғамның ащы шындығын шығармада ашуға тырысты [9, 101 б.]. Әлеуметтік теңсіздік, халықтың жаңа заман көшіне ілесе алмай, ескі әдет-ғұрыпты ұштастыра отырып, оның залалын бейнелейді. Осы тұста авторлар сол уақыттағы әйелдің қоғамдағы шектеулердің салдарының өздеріне тиетіндігіне қарамастан, теңсіздікке қарсы тұрып, сағы сынса да, шығарманың соңында ықпалды кейіпкерлерге айналды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысына қазіргі қазақ әдебиетіндегі гендерлік ерекшеліктерді анықтау үшін Т. Нұрмағамбетовтың шығармасы материал ретінде алынды [10, 28 б.].

Мақалада талдау жүргізу үшін төмендегі әдістер қолданылды

1 Әдеби шығармаларды талдау әдісі. Зерттеудің негізгі әдісі әдеби шығармалардың мәтіндерін талдау болады. Шығармалардағы негізгі гендерлік тақырыптарды, кейіпкерлерді және мотивтерді ажыратып көрсету үшін қолданылды.

2 Салыстырмалы талдау әдісі. Гендерлік көзқарас тұрғысынан Т. Нұрмағамбетовтың авторлық тәсілі мен тақырыптарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға назар аударылды.

3 Сыни талдау әдісі. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі гендерлік стереотип пен рөлдердің дамуы мен өзгеруі тұрғысынан сыни талдау жасалды.

Нәтижелер және талқылау

Т. Нұрмағамбетов «Періштелердің өлімі» деген романы талдау жасауға негізгі түрткі болды. Роман «Жыланның уы» және «Сәмбі талдың мұңы» атты екі хикаяттан тұрады. Солардың арасынан «Жыланның уы» хикаяты таңдалды, оның ішінен гендерлік мағынада қазақ ұлтының, мәдениетінің ерекшеліктері мен кемшіліктерін және қоғамдағы ерлер мен әйелдердің жағдайын көрсететін көріністерін білдіретін өзара қарым-қатынастар талдауға түсті. Автор өз еңбегінде қоғамда болып жатқан гендерлік теңсіздікті, әлеуметтік органың әсерін, өмірдің әртүрлі қиындықтарын, қуаныш пен қайғы-қасіретті, адалдық пен сатқындықты, адамдардың көркемдік бейнесін сипаттайды. Шығармада ерлер мен әйелдердің арақатынасына ғана емес, олардың ұлттық-мәдени бейнелеріне де ерекше назар аударылады.

Талданатын шығармада кейіпкерлер мінезі нысана ретінде алынады. Әлеуметтік жағдайдың төмендігінен, жоқшылықта өмір сүретін ағайындылардың тағдыры суреттеледі. Қалада өмір сүретін кейіпкерлердің жағдайларын көрсете отырып, бай-қуатты, әсемдікті қалайтын, жайлылықты ұнататын өмірді бейнелесе, Байшұбар мен Шертай үшін сондай өмір таңсық болып, адам сенгісіз дүние ретінде қабылданады. Ауылда жұмыссыздықтың күйін кешіп жүрген ағайындылар талпыныс жасауға тырысады.

Шертай – жақында мектеп бітірген жас түлек, намысшыл, елгезек жігіт: еңбек етуге құштар, іші пысып, ауылға симай жүрсе, ағасы Байшұбар бір қалыпты өмір сүруге үйренген, сабырлы мінезімен, орнықты көз-қарасымен өмір сүреді.

Әйел образдарына қысқаша шолу жүргізетін болсақ, Шырай – өзінің емес өзгенің қамын ойлап, қол ұшын созып, отбасы десе ішкен асын жерге қоятын, аса сауаттылығы жоқ қарапайым ауыл әйелі. Жолдасын отбасындағы

беделді адам ретінде құрметтеп, үйінің қорғанынан ары қарай алыс шығып көрмеген, үй ішінің күнделікті күйбеңімен ғана өмір сүріп келгендіктен, шығармада өзінің ойын ашық жеткізетін немесе шешім қабылдайтын тұстары жоқ.

Лиза ешкімге тең келмейтін сұлулық иесі ретінде, сәнқой болып суреттеледі. Тек сұлулықпен ғана шектеліп қоймай, іскер, мінезді, басқарушылық қасиетімен, бұйрықты сөйлеу мәнерімен, жарқын көңіл-күйімен ерекшеленеді.

Автор өзі ер адам болғандықтан, ер адамның көзқарасымен ер кейіпкерлердің сыртқы бейнесін, мінез-құлқы, қазақ мәдениетінің көрсеткіштерін суреттейді. Автор екі ер адамның эстетикалық құндылықтарын аса маңызды көрініс ретінде бермейді. Себебі, қарапайым адамдар болғандықтан, өздеріне көңіл бөлмегендіктен олардың бет-бейнесі, кескін-келбеттері қарапайым. Сол сияқты, Шертайдың да сыртқы келбетін автор егжей-тегжейлі суреттемейді. *«Әу баста науқас жандардай ілмиіп, жұпыны киінген екі жігіт аулаға кіріп келгенде Асадәллә мен Лолахандар қатты мүсіркеген Байшұбар мен Шертай жеңіл жұмыс пен мол ас-ауқаттың арқасында кәдімгідей қоңайып, оңалған. Әсіресе, Байшұбар аппақ болып толып, енді аз уақытта қарын салуға да оңтайланғандай. Оның жөні де түсінікті»* [10, 36 б.]. Ер адамдардың өздерінің келбетіне мән бермеуі, күтім жасамауы алдыңғы пікірге дәлел болып табылады. Автор Байшұбарды келесідей суреттейді: *«Ауылда жүргенде айнаға қараса-ақ, қап-қара боп тозып, әлдеқайда қашуға бейімделгендей, үрпиген шаштарының өзі үрей туғызғандай жүдеу жүзінен шошып кететін де, екі-үш айға дейін қайтып айнаға қарамай қоятын. Ендігі түр-тұрпаты басқаша...Рең кірген»* [10, 40 б.].

Байшұбар ересек, ісіне «жауапкершілігін» мойнына алса да, өміріне деген іс-әрекеті жауапсыздықпен, немқұрайды қарау оған қалыпты жағдай екенін мәтіннен көруге болады. *«Ертелі-кеш үш атты суарып, жем-шөпке қоятын, астын тазалайтын Шертайдың жалғыз өзі. Ал, Байшұбардікі – таусылмайтын ұйқы. Ұйқыдан қолы босай қалған күндегі ермегі – теледидар. Кейде тіпті теледидардың тәуір деген киносын көріп отырып та, қор-ретіп ұйықтап кететіні бар. Неткен таусылмайтын ұйқы екендігіне өзі де, Шертай да таң»* [10, 37 б.].

Шығармада этномәдени стереотиптердің белгісі көрініс тапқан. Байшұбардың шексіз ойларынан қазақ мәдениетіне тән стереотиптерді байқауға болады. Әдемі киімді қалыпты күйінде сақтап, ұсақ-түйекшіл болу, артық ақшаны өзіне арнап кетірмеу қазақ ер адамының тағы бір көрсеткіші.

Қазақ мәдениетінде отбасындағы кіші бала өзінен жасы үлкенге қайтсе де бағынады. Оның өмірлік тәжірибесене сүйеніп емес, тек жасының үлкендігіне байланысты. Ағасы Байшұбар жасының үлкендігіне сүйене

отырып өзіне жауапкершілік алғанымен, іс жүзінде негізгі шешімдерді інісі Шертай қабылдайды.

Отбасы құндылықтары жалпы қоғамда және әр адам үшін маңызы жоғары. Алайда, ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі, бұзылуы қоғамда ер адамдардың опасыздық кесірінен туындайды. Ер адамдардың әйел қауымына қызуғышылығы, құмарлығы қай халықта болмасын әр кез кездеседі. Отбасылық қарым-қатынасқа адал болмау қазақ адамының әлемдік суретінде жағымсыз рең болып табылады. Алайда, мақал-мәтелдер – халықтың тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні – ерінің опасыздығын белгілі бір дәрежеде ақтаса, әйелдердің опасыздығы оның жанында бірнеше мәрте қорқынышты етіп көрсетеді.

Қазақ паремиологиялық қорында неке адалдығын бұзу жағдайына сілтеме жасайтын бірліктер нақты анықталмаған. Бұл жағдайда, сатқындық тұжырымдамасы уақытша ләззат алу, аңсарын басу болып табылады: *«Алайда, Байшұбардың ойында ұйқы мен теледидардан өзге ештеңе жоқ деген кісі де қатты қателесер еді. Байшұбардың соңғы кезде әйел іздейтін әдетке тап болуын әзірге біреу біліп, біреу білмейді. Әйелді аңсауы соншалық күшейгендіктен қорадағы аттардың жайын Шертайдан сұраудан да қалған. Лизадан қоймай сұранып жүріп, бір жолы Саратанның базарына да барып келді. Сондағы мақсаты Саратанның базарындағы нарықты білу, яки сауда жасау да емес, көңілі қалайтын әйел табу еді»* [10, 37 б.].

Шығармада Байшұбардың адюльтерлік қасиетін айқын көрсетеді. Физиологиялық қажеттілігінің опасыздық жасауға өзінің ішкі қалауын орындау шығармада негізгі себеп екені көрсетілген. Қалауының соншалықты күшті болғаны, әйел адамның өзінен жасының үлкендігіне де қарамастан құштарлығының жоғары екенін көреміз. Сонымен қатар, шығармада ер адаммен қатар әйелдің де қызығушылығының, ойы бар екенін көруге болады. Тіпті, Лиза өзінің нәзіктігімен, сыпайылығымен, жарқын жүзді көңіл-күйімен, Байшұбардың бос уақытында өзіне арбап алу қасиетімен ерекшеленеді. Байшұбар бұл жағдайда өзінің абыройлы еркек екеніне іштей мақтан етеді. Өз-өзіне деген көңілі мен ризашылығының күшті екенін біліп, бұл әрекетін мақтан тұтып, үлкен дәреже ретінде көреді.

Автор кейіпкер мен көңілдес әйелдің махаббатын ішкі дүниетанымдарының сәйкестігінен немесе бір-бірімен болашақ отбасын құру, қызықты уақыт өткізуді емес, физиологиялық тұрғыдан өздерінің ойларын жүзеге асыру деп көрсетеді. Байшұбардың тіптен жан-жары Шырайдың барын ұмытып, отбасының түтінін түтетіп, асыраушысының орнын жоқтатпай зарыға күтіп жүргенде, ерлі-зайыптылардың арасында нағыз махаббат, ғашықтық сезімдерін басынан өтпегендігі кейіпкерді

еш алаңдатпайтындай беріледі. Жаңа сезімдерге ерік берген ол, шынайы гашығына риза болғандай, өмірге «жаңадан туылғандай» сезімде жүреді.

Ағасының осындай әділетсіздікке барғанына бірнеше мәрте көзі жеткен інісі Шертай да қиыр мінез таныта бастайды. Арам дүниелерді жасап жүріп, оның көз алдында бұрын соңды байқалмаған теріс мінездері анықталғандықтан, Шертайдың ағасына көңілі қалып, беделінен жұрдай болады.

Басты ер кейіпкерлердің бірі – Шертай, Байшұбардың туған інісі. Шертайдың бейнесі ересек өмірге енді қадам басқан, «ішкі балалығы» әлі де жойылмаған кейіпкер. Бұны Шертайдың өмірге деген аңғал көзқарасынан, сонымен қатар уақтылы ойластырылған шешімдер қабылдай алмау сияқты инфантильді әрекетінен анық байқаймыз. Шертайдың бейнесі арқылы автор адалдық, еңбекқорлық, бауырмалдық, қамқорлық, аңқаулық сияқты мінезі арқылы жалпы қазақ халқының болмысын сипаттауға тырысады. Кейіпкердің бұл өмірге балалық көзқараспен қарағаны, яғни аңқаулығы, оның мүмкін болатын дағдарыстарды, қиындықтарды болжамай, ақыры жасаған ісіне өкінуіне алып келеді. Дегенмен де, өмірге деген ұмтылысы оны қандай да бір әрекеттерге баруға қорқыншыын оятқан жоқ. Жеңгесі мен інілерінің жағдайын бірінші орынға қою арқылы өзіне мақсат қояды. Еңбек етіп, жұмысын талмай адал атқарып, туғандарының қамын ойлаумен жүреді. Шертайдың бейнесін автор періште іспетті суреттейді. Автордың Шертайды сипаттау барысында, жас жігітті өте ақкөңіл, еңбекқор, мейірімді мінездерін көрсете отырып, қазақ мәдениетінде ер адамдардың жылауға бой бермейтін стереотипін жоққа шығарады. Ер адамның көзге ерік беруі әлсіздіктің, жігерсіздіктің белгісі ретінде қазақ мәдениетінде қалыптасып қалған. Кейіпкердің арының тазалығы оны шыншылдыққа, адал істерге жетелесе, айналасындағы адамдардан да сондай қасиеттерді күтеді. Одан бөлек, туғандарына қамқорлық танытып, еңбегінің арқасында асырап, көмек көрсеткеніне мәртебесінің жоғарылығын іштей сезінеді. Өзінің маңыздылығын асыраушы ролі арқылы сезінеді.

Қазақ халқында «қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» демекші, басты кейіпкерлердің бірі Шертайды ар-намыс өртеп, өзін ебедейсіз сезіну арқылы ағасымен кеңесе отырып, жұмыс іздеуге шешім қабылдайды. Шығармада жоқшылықтан арланып жүрген жас жігітке жұмыс табуға еңбекқор көршісі Ералы түрткі болады. Ал, Ералы сол кезде жиі талқыға түсетін ауылдағы азамат еді. Бүкіл тұрғындардан да ең көп жалақы алатын, тұрғындардың арасындағы әңгіменің себепшісі, қызғаныштың ортасында жүрген еді.

Шығармадағы Байшұбар мен Шертайдың бейнелерін салыстырып, қорытындылайтын болсақ, біріншіден, өмірлік ұстанымдарындағы айырмашылық: жас Шертайдың мақсатына жетудегі ұмтылысы, оған

сенімділік пен жігер берсе, Байшұбардың міндеті тек отбасын асырап, материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету маңызды аспект болды. Жас айырмашылығы, принциптеріндегі ерекшелік олардың арасындағы түсініспеушілікті тудырғанын байқаймыз. Екіншіден, өмірлік тәжірибесі көп Байшұбардың өзі алданып, адамдардың, әсіресе әйелдердің арбауына сеніп қалғанын анық көреміз. Шертайдың ағасына қарағанда тәжірибесі аз болса да, болып жатқан жағдайларды саралау, айналасына адалдықпен қарау қаншалықты өз ісіне адал екенін аңғаруға болады. Міндеттелген жұмыстарды жауапкершілікпен атқару тек Шертайдың ғана қолынан келді. Ал, ағасы Байшұбар болса, өзінің тән рахатын ойлап, соған баса көңіл бөледі.

Қазақ қоғамында әйелдің орны төмен екені шығармада көрініс табады. Ал, әйелдің осы жағдайда, өз ойын, қарсылығын білдіруге батылы жеткіліксіз болатыны туындыда айқын көрінген. Ауыл әйелінің мінезін, күнделікті іс-әрекетін тек қана үй аясындағы жұмыстарымен байланыстырып суреттейді. Ер адам отбасын асырау қажеттілігінен жұмыс істеуге мәжбүр болса, әйел адам үйдің тірліктерін, күйеуінің қамын және бала тәрбиесіне көңіл бөледі. Күйеуі Байшұбар өзінің әйелі Шырайды отбасының ұйытқысы, қарапайым әйел, қызметші ретінде көреді. Бірақ, Шырайды сұлулықтың символы немесе сүйікті жан-жары, балаларының анасы ретінде атап өтпейді.

Байшұбар өзінің некедегі әйелі Шырайдың келбетіне бұрын соңды мән беріп қарамаған, Лизамен көңіл қосып, салыстыра отырып, әйелінің не себепті өзіне қарамайтыны, өзін күтпейтіні, бет-әлпетіне мән бермей жүргені туралы ойға шомады.

Ауыл әйелінің киімі арқылы адамның моральды тұрғыдан жағдайын суреттейді. Өзіне жүктелген толассыз міндеттердің, материалдық жағдайдың болмауы әсерінен моральдық, физиологиялық тұстан қажып, қамығып кеткені байқалады. *«Жеңгем анау-у... екі баланың тамағы, киімі деп... уайым жеп, тоғайдан отын арқалап келгендей алқа-салқа болып жүргені. Көрші-қолаңдарға азды-көпті қарыздарымыздың бар екенін де білесіз...»* [10, 36 б.]. Қайнысы Шертайдың көзімен бұрын соңды байқамаған жеңгесінің бейнесін қаншалықты аянышты, ажарынан айырылған келбетін мәтінде жеткізеді. Шырайдың тек ана, жұбай ретіндегі әлеуметтік рөлі ретінде ғана емес, сонымен қатар ағасының әйелі – жеңге деген атаумен беріледі. Одан бөлек, Шырайдың ана рөлінде екі ұлына деген аналық махаббаты шексіз екенін көреміз. Ауыр жұмысты өз мойнына алып, ары қарай да тіршілік жасауға еш мойынсынбайды. Отбасына адал, жүрекпен сүйетін, рухани әдемілік ауыл әйелдерін халқымызға тән қасиеттерді суреттейді. Адал жар, қамқор ана, көршілерге сыйлы әйел болу кейіпкерге өмірдегі негізгі құндылықтар болып есептелгендіктен, оған білім алу, оқуға құштарлық маңызды емес екені байқалады.

Қоғамдағы ауыл әйелдерінің маңызды міндеттерінің ең біріншісі – отбасылық құндылықтарға бағыну және оған тәуелді бола тұра, шарасыз күйде қалады. Ауылда сұлулығын бағаламайды.

Шығармадағы Шырайға қарама-қарсы образ, қала әйелі – Лиза. Тек сыртқы сұлулығымен ерекшелініп қана қоймай, басшылық мінезімен, ол іскер маман ретінде суреттеледі. Лизаның, қала әйелінің, образы тек материалды құндылықтарымен ерекшеленеді. Сыртқы жарасымды келбеті, адам баурайтын тартымдылығы сияқты қасиеттерімен суреттелген. Ең бастапқыда, Лиза шығармада әдемі, аппақ сән үлгісімен бірден Байшұбардың назарын өзіне аудартады. Одан кейін, Байшұбар оның киген киіміне дәлдеп қарап, үстіндегі жарқылдаған асыл заттардың қаншалықты әдемі, толассыз, әртүрлі көйлектерінің сан-сапасына қарап қызуғышылығы пайда болады. Қала мен ауыл арасындағы туындаған ерекшеліктерді екі әйелді суреттеген тұстарынан байқаймыз. Шығармада екі әйел кейіпкердің дегенменде ер адамға тәуелді екенін анық байқай аламыз. Бұл да гендерлік қырдың бірі екені айқын.

Қорытынды

Ер мен әйел арасындағы диссонанстың шығармада әлі де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Отбасындағы тұрмыстық қажеттіліктерді, ауыл әйелінің ұлттық-мәдени дәстүрге сай мүлтіксіз қызметін жасап, оған бағынады. Ал, отбасы мүшелерін материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге келетін болсақ, ол ер адамның жауапкершілігінде екенін анық байқадық.

Мәтіндегі ауыл адамдарының эстетикалық құндылықтары аса маңызды рөл атқармайды. Шығармада адамға шын ниетпен сенгіштігі, қол ұшын беруі сөзсіз ауыл адамдарына тән мінез екені айқын. Сол себепті, туындыда моральді құндылықтар қала адамдарына қарағанда, ауыл адамдарында көбірек. Ал, қала адамдарында ол бағаланбайды. Себебі, олар материалдық жағдай арқылы өздерінің ішкі қалауларын, өмірлерін байлықпен қамтамасыз етеді. Яғни, қала адамдарында гедонистикалық құндылықтар басым.

Осылайша, «Жыланның уы» шығармасында ерлер мен әйелдердің гендерлік қатынастарын көрсете отырып, автор оқырманды отбасылық қарым-қатынастардың құндылығы, жақын адамдарға қамқорлық жасау, оларды бағалау қажеттілігі туралы ой салады. Талдау барысындағы нәтижеге келетін болсақ, көркем мәтінде ауыл ерлерінің гендерлік ерекшеліктеріне сай тәуекелшіл, батыл мінездері байқалады. Алайда, әлеуметтік жағдайдың төмендігінен дене бітімдерінің солықы, сырт-келбетіне келгенде сымбаттылықтан алыс образды көреміз. Ер адамның опасыздық жасауы өз-өзіне деген жоғары баға берумен өлшенеді. Шығармада ер кейіпкермен некеден тыс сатқындыққа барған әйел кейіпкерге қарағанда жеңіл қабылданады. Ауыл адамдарының қазіргі қоғамдағы өмірге бейімділік деңгейінің жоқтығын аңғара аламыз. Туындыдағы ауыл және қала әйелдерінің

айырмашылықтары мен ерекшеліктерінің арасында үлкен қарама-қайшылық бар. Ауыл әйелі мен қала әйелінің қоғамдағы орны, отбасылық құндылықтар, сұлу жүзі, сауаттылығы, еркін ойлауы арасындағы үлкен қарама-қайшылық ерекшеліктерін автор мәтін арқылы жеткізе білген.

Сонымен, Т. Нұрмағамбетовтың романын гендерлік аспект тұрғысынан қарау шығарманың проблемалық және образдық ерекшелігі туралы айтуға негіз береді. Шығармадағы жеке тұлға мен қоғамның қақтығысы тек идеологиялық қарама-қайшылық ретінде ғана емес, сонымен бірге гендерлік теңсіздіктің салдары ретінде де ашылады. Жалпы, қазіргі қазақ әдебиетіндегі гендерлік аспект қоғамдық пікірталастарды дамытуда және қоғамдық санаға әсер етуде маңызды рөл атқарады. Бұл тақырып өзекті болып қала береді және әдебиетте және одан тыс жерлерде дами береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Skeat Walter, W.** An Etymological Dictionary of the English Language [Text]. Oxford University Press, 1884. – 886 p.

2 **Fowler, H. W.** A Dictionary of Modern English Usage [Text]. Second Edition. – Oxford University Press, 1985. – 725 p.

3 Пол. Гендер. Культура: немецкие и русские исследования [Текст] / Фрайбургский ун-т, Российский гос. гуманитарный ун-т и др.; под ред. Элизабет Шоре, Каролдин Хайдер, Галины Зверевой. – Москва : РГГУ, 2009. – 530 с.

4 **Афанасьев, А. С.** Гендерный аспект изучения литературы [Текст] : учеб. пособие / А. С. Афанасьев, Т. Н. Бреева. – М. : ФЛИНТА : Наука, 2017. – 96 с.

5 **Исмагулова, Г. К.** Лингвокультурологический аспект гендерных отношений: сопоставительный аспект (на материале русского, немецкого и казахского языков) [Текст]. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Тюмень, 2005. – 23 с.

6 **Шоқым, Г.** Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері [Мәтін]. – Алматы : Алтыбасар, 2010. – 160 б.

7 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология. Введение [Текст] : учебное пособие для вузов / В. А. Маслова. – Москва : Юрайт, 2023. – 208 с.

8 **Кирова, А. Г.** Развитие гендерных исследований в лингвистике [Текст]. Вестник ТГПУ, 2009. – № 08(86). – С. 138–140.

9 **Оспанова, Б.** Лингвомәдениеттану [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2018. – 210 б.

10 **Нұрмағамбетов, Т.** Періштелердің өлімі [Мәтін]: роман-хикаяттар / Тынымбай Нұрмағамбетов. – Алматы : «Өлке», 2016. – 352 б.

References

- 1 **Skeat Walter, W.** An Etymological Dictionary of the English Language [Text]. Oxford University Press, 1884. – 886 p.
- 2 **Fowler, H. W.** A Dictionary of Modern English Usage [Text]. Second Edition. – Oxford University Press, 1985. – 725 p.
- 3 Pol. Gender. Kúltúra: nemeskie i rýsskie issledovania [Gender. Gender. Culture: German and Russian studies] [Text] / Fraibýrgsku ýn-t, Rossiskii gos. gýmanitarnyi ýn-t i dr. ; pod red. Elizabet Shore, Karoldin Haider, Galiny Zverevoi. – Moskva : RGGÝ, 2009. – 530 s.
- 4 **Afanasev, A. S.** Gendernyi aspekt izýchenia literatýry : ýcheb. Posobie [The gender aspect of the study of literature : studies. stipend] [Text] / A.S. Afanasev, T.N. Breeva. – M. : FLINTA : Naýka, 2017. – 96 s.
- 5 **Ismagýlova, G. K.** Lingvokúltýrologicheskii aspekt gendernyh otnoshenií: sopolavitelnyi aspekt (na materiale rýsskogo, nemeskogo i kazahskogo iazykov) [Linguoculturological aspect of gender relations: comparative aspect (based on the material of Russian, German and Kazakh languages)] [Text]. Avtoreferat dissertatsii na soiskanie ýchenoi stepeni kandidata filologicheskikh naýk. – Túmen, 2005. – 23 s.
- 6 **Shoqym, G.** Tildiñ genderlik jiktelim erekshelikteri [Features of gender classification of language] [Text]. - Almaty: Altybasar, 2010. – 160 b.
- 7 **Maslova, V. A.** Lingvokúltýrologia. Vvedenie: ýchebnoe posobie dlá výzov [Linguoculturology. Introduction: textbook for universities] [Text] / V. A. Maslova. – Moskva : Íyrait, 2023. – 208 s.
- 8 **Kirova, A. G.** Razvitie gendernyh issledovanií v lingvistiike [Development of gender studies in linguistics] [Text]. Vestnik TGPÝ. – 2009. – № 08(86). – s. 138–140.
- 9 **Ospanova, B.** Lingvomádeniettaný [Linguoculturology] [Text]. – Astana : Foliant, 2018. – 210 b.
- 10 **Nurmağambetov, T.** Perishtelerdiñ ólimi: roman-hikaiattar [Death of Angels : novel stories] [Text] / Tynymbai Nurmağambetov. – Almaty : «Ólke», 2016. – 352 b.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

**Е. Е. Шаймардан*¹, *Г. К. Исмагулова*²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана.
Принято к изданию 30.11.23.

ОСОБЕННОСТИ ГЕНДЕРНОГО АСПЕКТА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

В статье рассматривается индивидуальная характеристика личности, в том числе значение гендерной сферы при изучении человечества через лингвокультурологию. Потому что данная тема является актуальным исследованием, которое фокусируется на эволюции гендерных идей в современном казахском обществе и их влиянии на литературу. Эта тема отражает анализ феминистских и маскунистских гендерных ролей, изучение гендерных особенностей и идентичности, присущих мужчинам и женщинам.

Изучение гендерного аспекта в современной казахской литературе важно для формирования культурного контекста и поддержки диалога по важнейшим вопросам гендерной справедливости и разнообразия. Эта тема продолжает развиваться, отражая изменения в обществе и восприятие гендерных проблем, и остается важным аспектом современных литературных дебатов. Таким образом, через художественное произведение можно показать специфику нации, культуры, а также отношения между мужчинами и женщинами.

Анализ показал, что через персонажей Тынымбая Нурмагамбетова удалось передать реальную жизнь в обществе, кризис в семье и культуру, супружеские отношения, отношения вне супружеской жизни. Через язык персонажей в категориях мужчина и женщина, одинокий парень, женатый мужчина и незамужняя девушка, внутренний мир персонажей раскрываются различия в их личностных, гендерных и социальных ролях.

Ключевые слова: лингвокультурология, лингвокультурный подход, гендерные аспекты, адюльтер, современный художественный текст, казахская литература.

*E. E. Shaimardan¹, G. K. Ismagulova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian

National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Accepted for publication on 30.11.23.

FEATURES OF THE GENDER ASPECT IN MODERN KAZAKH FICTION

The article examines the individual characteristics of a person, including the importance of the gender sphere, in the study of humanity through linguoculturology. Because this topic is a topical study that focuses on the evolution of gender ideas in modern Kazakh society and their impact on literature. This topic reflects the analysis of feminist and masculinist gender roles, the study of gender characteristics and identity inherent in men and women.

The study of the gender aspect in modern Kazakh literature is important for the formation of a cultural context and support for dialogue on the most important issues of gender justice and diversity. This topic continues to evolve, reflecting changes in society and perceptions of gender issues, and remains an important aspect of modern literary debates. Thus, through a work of art, it is possible to show the specifics of the nation, culture, as well as the relationship between men and women.

The analysis showed that through the characters of Tynymbai Nurmagambetov, it was possible to convey real life in society, the crisis in the family and culture, marital relations, relationships outside of marital life. Through the language of the characters in the categories of man and woman, single guy, married man and unmarried girl, the inner world of the characters reveals the differences in their personal, gender and social roles.

Keywords: linguoculturology, linguocultural approach, gender aspects, adultery, modern literary text, Kazakh literature.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz